

М.Әуезов атындағы орта мектебі КММ Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама

28 тамыз 2020 ж

Қатысқаны: 9

Төрағалық етуші: Құнафин Ерлан

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №№345 «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөнінде әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес мектебімізде оқу процесін ұйымдастыру туралы.

2. «Мектепке жол» акциясы жыл көлемінде өткізілу барысы туралы.

Тыңдалды:

Байдиндаев Танирберген:

-Құрметті жиынға қатысушылар, қазіргі Әлемде және елімізде болып жатқан жағдайға байланысты және Білім министрлігінің бұйрығына сәйкес оқушылардың қауіпсіздігі үшін 1-4 сыныптарда барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, мектептен оқуына қамқоршылық мүшелерінің келісімімен және 5-11 сыныптарда қашықтықтан оқытуға ұсынған бұйрық өте дұрыс деп санаймыз және қамқоршылық мүшелерінің осы бұйрықпен келісуін құптаймыз.

Құнафин Ерлан:

-Құрметті жиынға қатысушылар, Байдиндаев Танирберген мырзаның ұсынысымен келісеміз және осы ұсыныс бойынша пікір айтуларыңызды сұраймын.

Асылғазина Жанар:

- «Қазақта бірінші байлық- денсаулық», - дейді. Мен Білім министрлігінің осы бұйрығын құптаймын және өте дұрыс деп санаймын. Біз балаларымыздың денінің сау болғанын қалаймыз. Сіздер де осы бұйрықпен келіседі деп ойлаймын. Барлықтарыңыздың бір ауыздан келісулеріңізді сұраймын.

Елшибаева Гульжан: Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен және мектеп әлеуметтік педагогы –Б. Әділжановамен бірге бірталай жұмыстар атқарылды. Атап айтатын болсақ, Көкжыра өндірістік кооперативінің басшысы Сағнаев Бағдат мырза 10 оқушыға аяқ киім алып берді. Көкжыра емханасы 10 мың теңге көлемінде ақшалай көмектесті, Көкжыра ауылының меценаттары мен шаруа қожалықтары үнемі көмектесіп және мектепте пен ауылымызда өткен мерекелік шараларды өткізуге үлес қосып келеді. Бұл «Мектепке жол» акциясы одан әрі жалғасын табатын болады.

Қабылданған шешім: 1. Құнафин Ерлан- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөнінде әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрықтың негізінде біздің мектебіміздің қамқоршылық кеңесі осы бұйрыққа бағынады және қолдайды.

2. Бұл «Мектепке жол» акциясы одан әрі жалғасын табуда. Қыркүйек айында аз қамтылған 5 жанұяға 1 центнерден картоп таратылып берілді. Қарттар күніне орай аз қамтылған 13 жанұяға 4000 (төрт мың) теңгеден аз-түлік пакеті таратылды. Осындай қамқорлық болашақта жалғасын табатын болады.

Комиссия төрағасы:

Хатшы:



Е.Құнафин

Қ.Бөксенова